Дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілетін келісім

Мен https://portal.imei.gov.kz порталында орналастырылған «Құрылғылардың бөлінген қорғалған тізілімі» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – АЖ РЗРУ) пайдаланушысы бола отырып, еркін түрде, өз еркіммен және өз мүддем үшін әрекет ете отырып, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, осы арқылы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Оператор) төмендегі шарттарда менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге және қорғауға келісім беремін.

Дербес деректерді өңдеу мақсаты

Дербес деректер тек мынадай мақсаттарда өңделеді:

- **пайдаланушыны АЖ РЗРУ-да тіркеу және сәйкестендіру;**
- **ұялы байланыс абоненттік құрылғыларын верификациялау қызметін көрсету;**
- **Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде мәліметтерді БДИК-ке беру;**
- **ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;**
- **заңнамада көзделген жағдайларда мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;**
- **бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізу (қызметтер үшін ақы төленген жағдайда);**
- **пайдаланушылардың өтініштері мен сұрауларын қарау.**

Өңделетін дербес деректердің тізбесі

АЖ РЗРУ жұмысы шеңберінде мынадай деректер өңделуі мүмкін:

- **тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);**
- **ЖСН;**
- **байланыс телефонының нөмірі;**
- **электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) сертификатында қамтылған деректер;**
- **верификацияланатын құрылғылар туралы мәліметтер (IMEI-кодтар);**
- **төлемдер туралы мәліметтер;**
- **IP-мекенжайы, құрылғының техникалық деректері, журнал файлдары;**
- **пайдаланушы Жүйені пайдалану барысында ұсынған өзге де деректер.**

Дербес деректермен жасалатын әрекеттер

Оператор мынадай әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы:

- **жинау;**
- **жүйелеу;**
- **жинақтау;**
- **сақтау;**
- **нақтылау (жаңарту, өзгерту);**
- **пайдалану;**
- **заңнамада көзделген жағдайларда үшінші тұлғаларға беру;**

- **иесіздендіру;**
- **бұғаттау;**
- **жою.**

Деректерді өңдеу автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып та, оларды пайдаланбай да жүзеге асырылуы мүмкін.

Дербес деректерді беру

Дербес деректер мынадай тұлғаларға берілуі мүмкін:

- **Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына – олардың құзыреті шегінде;**
- **БДИК операторына;**
- **АЖ РЗРУ-ды интеграциялауға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысатын уәкілетті ұйымдарға;**
- **заңды талап болған жағдайда сот органдарына.**

Деректерді беру тек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде жүзеге асырылады.

Деректерді өңдеу және сақтау мерзімі

Дербес деректер мынадай мерзімдер ішінде өңделеді және сақталады:

- **шарттық қатынастардың қолданылу мерзімі ішінде;**
- **Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер ішінде;**
- **егер заңнамада өзгеше көзделмесе, осы келісім кері қайтарып алынғанға дейін.**

Дербес деректер субъектісінің құқықтары

Менің мынадай құқықтарым бар екендігі туралы хабардар етілдім:

- **өзімнің дербес деректерімнің бар-жоғы және құрамы туралы ақпарат алу;**
- **оларды нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап ету;**
- **Операторға жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы келісімді кері қайтарып алу;**
- **Оператордың әрекеттеріне уәкілетті органға немесе сот тәртібімен шағымдану.**

Келісімді кері қайтарып алу

Келісімді кері қайтарып алу https://portal.imei.gov.kz порталы арқылы немесе Оператордың ресми мекенжайына жазбаша өтініш жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда дербес деректерді өңдеуді жалғастыруға құқылы.

Келісімді растау

Келісімді растау мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- **АЖ РЗРУ-да тіркелу арқылы;**
- **Digital ID арқылы биометриялық сәйкестендіруден өту арқылы;**

- **Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының (ҰКО) ЭЦҚ-сымен нысанға қол қою арқылы;**
- **порталды пайдалану кезінде келісім беру туралы белгі қою арқылы.**

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы келісімнің қолданылу мерзімі шектелмейді.